



"Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 қыркүйек N 1015

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы
азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті
сақтандыру туралы

Осы Заң тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласынан туындайтын қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, қаржылық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) пайда алушы - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын адам;

2) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының

- азаматтық заңдарында белгіленген өтеу міндеті;
- 3) сақтандырылушы - сақтандырылған адам;
- 4) жолаушы - өзінің еркін білдіру негізінде тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;
- 5) зардап шеккен адам - тасымалдау кезінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген жолаушы;
- 6) сақтанушы - сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан адам. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылушы б о л ы п т а б ы л а д ы ;
- 7) сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушының сақтандырушыға ол сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін төлеу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 8) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін а қ ш а с о м а с ы ;
- 9) сақтандыру полисі - сақтандырушы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес нөмірі мен сериясын көрсетіп ресімдейтін және сақтанушыға (сақтандырылушыға) берілетін сақтандыру шарты;
- 10) сақтандыру жағдайы - басталуына орай сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
- 11) сақтандырушы - сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде шарт жасалған өзге адамға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін міндетті төлеуді жүргізетін тұлға;
- 12) шартты франшиза - шығын мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асқан жағдайларда сақтандыру төлемін толық көлемде (франшизаның көлеміне азайтусыз) жүзеге асыруды көздейтін франшиза;
- 13) франшиза - сақтандырушы өтемейтін зиян сомасы.

2-бап. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдары

1. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық К941000_ кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда

көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

3-бап. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың объектісі

Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

4-бап. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты мен негізгі принциптері

1. Тасымалдау кезінде жолаушылардың мүліктік мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін төлеуді жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың (бұдан әрі - міндетті сақтандыру) мақсаты болып табылады.

2. Міндетті сақтандырудың негізгі принциптері мыналар:
зардап шеккен адамдардың мүліктік мүдделерін осы Заңда белгіленген көлемде және тәртіппен қорғауды қамтамасыз ету;
тасымалдаушының тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болған жағдайда оның жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге а с ы р у ы ;
тараптардың тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету.

5-бап. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандырылуға жататын адамдар

1. Жолаушыларды және олардың мүлкін теміржол, теңіз, ішкі су, әуе, автомобиль көлігі және қалалық электрлі көлікпен тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резиденттерінің - тасымалдаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатады.

2. Тасымалдаушы жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралының әрқайсысы бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға міндетті.

Тасымалдаушының жолаушылардың алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне жасалған ерікті сақтандыру шарты тасымалдаушыны тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттен босатпайды.

2-тарау. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету

6-бап. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесін мемлекеттік бақылау

1. Сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалауды сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Тасымалдаушының осы Заңның тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу бөлігіндегі ережелерін орындауына мемлекеттік бақылау жасау мыналарға жүктеледі:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жол полициясы органдарына (бұдан әрі - жол полициясы органдары) - автомобиль көлігін және қалалық электр көлігін пайдалануға қатысты;

2) көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға - теміржол, теңіз, ішкі су, әуе көлігін пайдалануға қатысты.

7-бап. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынсыз жолаушыларды тасымалдауға жол бермеу

1. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамаған тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдауына жол берілмейді.

2. Халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

3. Жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралын жүргізуші адам тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисін өзімен бірге алып жүруге міндетті.

4. Осы баптың 1-тармағын бұзғаны үшін көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган тасымалдаушы лицензиясының қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

8-бап. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыруды

жүргізу - ерекшеліктері

1. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алуға ниет білдіруші заңды тұлға Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорын құру және оның қызметі туралы заң актісінде белгіленген тәртіппен аталған қордың қатысушысы болуға міндетті.

2. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушы өзінің мемлекеттік және орыс тіліндегі қаржылық есебін тоқсан сайын Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында жариялауға міндетті.

3. Сақтандырушылар сақтандыру тәуекелдері, сақтандыру жағдайлары және тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдері жөніндегі ақпарат базасын қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын ұйымды құруға қатысуға құқылы.

3-тарау. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты

9-бап. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және оны жасасу тәртібі

1. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру сақтанушы мен сақтандырушы арасында осы Заңға сәйкес жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мүліктің тауарлық құнының жоғалтылуын, сондай-ақ зардап шегушінің тауарларды жеткізудің немесе жұмыс жүргізудің (қызмет көрсетудің) мерзімін, оның келісім-шарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерін бұзуына байланысты тұрақсыздық төлемін өтеуді қоса, зардап шегушінің моральдық зиянын және ала алмаған пайдасын өтеуді есептемегенде, зардап шегушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келуден туындаған шығындарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейді.

3. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі (класы) бойынша қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуға тиіс. Сақтанушы сақтандырушыны таңдауға ерікті.

Сақтандырушының сақтанушыға тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқығы жоқ.

Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы

сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға осы Заңда белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

4. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру полисін беруі арқылы жазбаша нысанда ж а с а л а д ы .

Сақтанушының өтініші тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау үшін негіз болып табылады.

Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге тиісті шарттардың толық болмағаны үшін сақтандырушы жауапты болады. Сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген шарттарының толық болмауынан дау туындаған ретте дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

5. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушы сақтандырушыдан міндетті сақтандыру шарттарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге құқылы.

Сақтандырушы сақтанушыдан Қазақстан Республикасының Азаматтық К941000_ кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, осы Заңға сәйкес тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізуге қажетті мәліметтерді, сондай-ақ осының алдындағы тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары мен сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты талап е т у г е қ ұ қ ы л ы .

6. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисін ресімдеу жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарында белгіленеді.

7. Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда сақтандырушы сақтанушының (сақтандырылушының) жазбаша өтініші негізінде оған сақтандыру полисінің д у б л и к а т ы н б е р у г е м і н д е т т і .

Сақтандыру полисінің бланкісін жасауға және оның дубликатын ресімдеуге жұмсалған шығындарды сақтанушы (сақтандырылушы) өтейді, бұл орайда өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күнге белгіленген 0,1 айлық есептік көрсеткіштен а с п а у ғ а т и і с .

8. Егер сақтандырушы тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын сақтанушының (сақтандырылушының) немесе зардап шегушінің жағдайын осы Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлатып жіберетін шартпен жасаса, онда сақтандыру жағдайы басталғанда сақтанушы (сақтандырылушы) және зардап шегуші алдында сақтандырушы осы Заңда белгіленген жағдайлар бойынша міндеткерлікте б о л а д ы .

10-бап. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының

1. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты осы Заңға сәйкес зардап шегуші деп танылған барлық адамдарға қатысты қолданылады.

2. Егер тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын, ал оны мәулетпен төлеген кезде бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

3. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, ол күшіне енгізілген күннен бастап 12 ай мерзімге жасалады.

Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың барлық мерзімі ішінде қолданылады және бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша қолданылуы тоқтатылмайды.

4. Егер тасымалдаушының жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыру құқығы 12 айдан аз кезең ішінде аяқталса, онда міндетті сақтандыру шарты осы кезеңге ғана жасалады.

5. Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шартта өзгеше көзделмеген болса, тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

11-бап. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

1. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан

Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

2. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін сақтанушы (сақтанушы қайтыс болған жағдайда - оның мұрагері (мұрагерлері)) сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.

3. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушы сақтандырушының іс жүргізу шығыстарына ұсталған ақшаны шегеріп тастағаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын мынадай мөлшерде қайтаруға құқылы:

 р/с! тасымалдаушы жауапкершілігін ! сақтандырушы ұстап қалатын
 N! міндетті сақтандыру шарты күшіне ! сақтандыру сыйлықақысының
 ! енген кезден бастап мерзімінен бұрын ! мөлшері (жылдық сақтандыру

! тоқтатылғанға дейін өткен мерзім ! сыйлықақысынан процентпен)

1!	2	!	3
1.	1 айға дейін, қоса алғанда		20
2.	1 айдан 2 айға дейін, қоса алғанда		30
3.	2 айдан 3 айға дейін, қоса алғанда		40
4.	3 айдан 4 айға дейін, қоса алғанда		50
5.	4 айдан 5 айға дейін, қоса алғанда		60
6.	5 айдан 6 айға дейін, қоса алғанда		70
7.	6 айдан 7 айға дейін, қоса алғанда		75
8.	7 айдан 8 айға дейін, қоса алғанда		80
9.	8 айдан 9 айға дейін, қоса алғанда		85
10.	9 айдан 10 айға дейін, қоса алғанда		90
11.	10 айдан 11 айға дейін, қоса алғанда		95
12.	11 айдан жоғары		100

12-бап. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушы:

1) сақтандырушыдан тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын, тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру полисін жоғалтып алған жағдайда оның дубликатын алуға;

3) зардап шегушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;

4) келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелерімен және сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған сақтандыру төлемі мөлшерінің есебімен танысуға;

5) тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

6) сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қарсылық білдіруге;

7) осы Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға құқылы.

Міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

2 . Сақтанушы :

1) тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырушыға осы Заңға сәйкес міндетті сақтандыру шартына енгізуге қажетті мәліметтерді ұсынуға;

2) сақтандыру сыйлықақысын тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлеуге;

3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап бұл жөнінде үш жұмыс күнінен кешіктірмей, қолайлы әдіспен (ауызша, жазбаша) сақтандырушыға тез арада хабарлауға міндетті. Сақтанушы мен сақтандырылушы бір адам болмаған жағдайда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға ақпарат беру жөніндегі міндет сақтандырылушыға жүктеледі. Егер сақтанушының (сақтандырылушының) дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол мұны құжаттар арқылы растауы тиіс;

4) сақтандыру жағдайы басталған кезде ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайға сиымды және қол жетімді шаралар, оның ішінде зардап шеккен адамдардың мүлкін құтқару және көмек көрсету шараларын қабылдауға;

5) сақтандыру жағдайы және зардап шеккен адамдар туралы тиісті құзыретті органдарға (жол полициясы және өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, апатпен күрес қызметіне) хабарлауға;

6) көліктегі сақтандыру жағдайы туралы акт жасауға;

7) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап (регресс) қою құқығының сақтандырушыға көшуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Сақтанушының осы баптың 2-тармағының 4), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген міндеттері сақтандыру жағдайы басталған кезде көлік құралын тікелей жүргізетін адамға жүктеледі.

13-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтандырушы:

1) тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыдан осы Заңға сәйкес тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізуге қажетті мәліметтерді беруді талап етуге;

2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыреттеріне орай, сақтандыру жағдайының басталғанын және зардап шегушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

3) сақтандыру жағдайының басталу себептері мен өзге де мән-жайларды және келтірілген зиянның мөлшерін анықтау үшін зардап шегушінің мүлкін бағалауға;

4) жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау кезінде сақтандырылғандарға келтірілген зиянды өтеу туралы талап-арыздар бойынша сотта сақтандырылушының

м ү д д е с і н

қ о р ғ а у ғ а ;

5) зардап шегушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;

6) осы Заңның 22-бабында көзделген жағдайларда келтірілген зиянға жауапты адамға кері талап қоюға;

7) осы Заңның 23-бабында көзделген негіздемелер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін .

2 . С а қ т а н д ы р у ш ы :

1) сақтанушыны (сақтандырылушыны) тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының шарттарымен таныстыруға, оның тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге ;

2) тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтанушыға (сақтандырушыға) сақтандыру полисін, не оны жоғалтып алған жағдайда - д у б л и к а т ы н б е р у г е ;

3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алынған кезде оны бірден т і р к е у г е ;

4) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алынған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде келтірілген зиян мөлшерін бағалауға, сақтандыру төлемінің мөлшеріне жасалған есептеуді көрсете отырып сақтандыру актісін жасауға және оны танысу үшін пайда алушыға ұсынуға ;

5) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде жүзеге асыруға ;

6) сақтанушыға (сақтандырылушыға) олардың сақтандыру жағдайы кезінде шығынды болдырмау немесе азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге ;

7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті.

14-бап. Зардап шегушінің құқықтары

1 . З а р д а п ш е г у ш і :

1) сақтанушының (сақтандырылушының) жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы са қ т а н д ы р у ш ы ғ а х а б а р л а у ғ а ;

2) сақтанушының (сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды сақтанушымен (сақтандырылушымен)

тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан
сақтандырушыға беруге;

3) зардап шегушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды көру
және мөлшеріне бағалау жүргізу үшін қатыстырылған тәуелсіз сарапшының
қызметтерін пайдалануға;

4) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және

сақтандырушы немесе қатыстырылған тәуелсіз сарапшы жасаған сақтандыру
төлемі мөлшерінің есебімен танысуға;

5) осы Заңда белгіленген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде сақтандыру
төлемін алуға;

6) сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту немесе оның
мөлшерін негізсіз азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының
заңдарында көзделген тәртіппен қарсылық білдіруге;

7) тасымалдаушыға келтірілген зиянды келтірілген зиян сомасының
алынған сақтандыру төлемі сомасынан асатын мөлшерде өтеу туралы талап
қоюға құқылы.

2. Осы Заңда көзделген жағдайларда зардап шегушінің осы баптың
1-тармағымен белгіленген құқықтары пайда алушы ретінде саналатын өзге
тұлғаларға көшеді.

4-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы

15-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

1. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырған
кезде бір көлік құралы үшін жылдық сақтандыру сыйлықақыларының мынадай
мөлшері белгіленеді (айлық есептік көрсеткіштермен):

р/с! көлік құралының атауы ! жылдық сақтандыру
N ! сыйлықақысының мөлшері

1. Автомобиль көлігі

1) жеңіл автомобильдер, автобустар,
микроавтобустар:

7 жолаушы орнына дейін,

қоса есептегенде

5

жолаушы орны 7-ден 16-ға дейін

11,5

жолаушы орны 16-дан көп

23

2) трамвайлар, троллейбустар

7

2. Әуе көлігі

1) ұшақтар:

жолаушы орны 50-ге дейін, қоса есептегенде	400
жолаушы орны 50-ден 120-ға дейін	990
жолаушы орны 120-дан 200-ге дейін	2180
жолаушы орны 200-ден көп	3820
2) тікұшақтар	135
3. Теңіз көлігі	
жолаушы орны 50-ге дейін, қоса есептегенде	50
жолаушы орны 50-ден 100-ге дейін	100
жолаушы орны 100-ден 150-ге дейін	150
жолаушы орны 150-ден 300-ге дейін	300
жолаушы орны 300-ден көп	530
4. Ішкі су көлігі	
жолаушы орны 50-ге дейін, қоса есептегенде	17,5
жолаушы орны 50-ден 100-ге дейін;	35
жолаушы орны 100-ден 150-ге дейін;	50
жолаушы орны 150-ден 300-ге дейін;	90
жолаушы орны 300-ден көп	160

2. Теміржол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының жолаушылар

алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тасымалдаушы жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдаудан алынған (алынуға тиіс) кіріс сомасының 0,2 процентін құрайды.

3. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын 12 айдан аз мерзімге жасаған кезде мынадай сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері белгіленеді:

р/с!	сақтандыру мерзімі	! сақтандыру сыйлықақысының
N !		! мөлшері (жылдық сақтандыру
!		! сыйлықақысынан, процентпен)

1!	2	!	3
1. 1 айға дейін қоса есептегенде			20
2. 1 айдан 2 айға дейін, қоса есептегенде			30
3. 2 айдан 3 айға дейін, қоса есептегенде			40
4. 3 айдан 4 айға дейін, қоса есептегенде			50
5. 4 айдан 5 айға дейін, қоса есептегенде			60
6. 5 айдан 6 айға дейін, қоса есептегенде			70
7. 6 айдан 7 айға дейін, қоса есептегенде			75
8. 7 айдан 8 айға дейін, қоса есептегенде			80
9. 8 айдан 9 айға дейін, қоса есептегенде			85
10. 9 айдан 10 айға дейін, қоса есептегенде			90
11. 10 айдан 11 айға дейін, қоса есептегенде			95
12. 11 айдан жоғары			100

Осы тармақ теміржол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушы жасасқан тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына қолданылмайды.

16-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін көбейту

1. Теміржол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушы осы Заңның 15-бабының 2-тармағында көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін сақтандырушы өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалау нәтижелері бойынша, тасымалдаушы жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдаудан алынған (алынуға тиіс) кіріс сомасының 0,5 процентінен аспайтын мөлшерге дейін көбейтуі мүмкін.

2. Теміржол тасымалынан басқа, жолаушылар тасымалының өзге де түрлерін жүзеге асыратын тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде осы Заңның 15-бабының 1-тармағында көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін сақтандырушы өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалау нәтижелері бойынша, бірақ елу проценттен асырмай көбейтуі мүмкін.

17-бап. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу тәртібі мен мерзімі

1. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу тәртібі мен мерзімі тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленеді.

2. Егер міндетті сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын мәулетпен төлеу көзделген болса, онда сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемей сақтандырушының осы шартты уақытынан бұрын бұзуына негіз болып табылмайды.

3. Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемеген жағдайда сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің К941000_ 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

5-тарау. Сақтандыру жағдайын, келтірілген зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау

18-бап. Сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін анықтау

1. Тасымалдау кезінде жолаушылардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу жөнінде тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру жағдайы деп танылады.

Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы осы Заңның 19-бабының 1-тармағында белгіленген жауапкершілік көлемі шегінде зардап шегушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу түрінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті.

2. Зардап шегушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянға зардап шегушінің өлімімен, еңбекке жарамдылығын уақытша немесе тұрақты жоғалтумен байланысты зиянның материалдық көрінуі жатады.

Зардап шегушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері осы Заңға сәйкес денсаулық сақтау ұйымдары берген құжаттар негізінде айқындалады.

3. Зардап шегушінің мүлкіне келтірілген зиянға тасымалдау кезінде тасымалдаушының тасымалдауға алынған (багаж) және (немесе) жолаушының жанындағы (қолындағы) жоғалған, жетіспейтін немесе бүлінген (зақымданған) мүлктің құны жатады.

Багаж және (немесе) жолаушының жанындағы (қолындағы) заттары тасымалдаушының кінәсінен жоғалған, жетіспеген және (немесе) бүлінген (зақымданған) жағдайда келтірілген зиянның мөлшері мынадай түрде белгіленеді:

1) багаж, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттар жоғалған немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған немесе жетіспеген багаждың, жолаушының жанындағы (қолындағы) заттардың құны мөлшерінде;

2) багаж, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттар бүлінген (зақымданған) жағдайда - құны төмендеген сома мөлшерінде, ал багаж, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттарды қалпына келтіруге мүмкіндік болмаған жағдайда - олардың құны мөлшерінде;

3) тасымалдауға құны жарияланып тапсырылған багаж жоғалғанда -

багаждың жарияланған құны мөлшерінде.

19-бап. Сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау

1. Сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы (сақтандыру сомасы) бойынша жауапкершілігінің шекті көлемі мынадай (айлық есептік көрсеткішпен):

1) теңіз және әуе тасымалы бойынша:

әрбір зардап шегушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға әкеп соқса:

қаза тапса - 2000;
мүгедектік белгіленсе I топ - 1600;
II топ - 1200;
III топ - 800;

еңбекке жалпы жарамдылығын уақытша жоғалтуға - амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге жұмсалған нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ 200-ден аспайды. Мұндайда әрбір стационарлық емделу күні үшін сақтандыру төлемінің мөлшері кемінде 1,5 айлық есептік көрсеткіш болуы тиіс;

әрбір зардап шегушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 250-ден аспайды;

2) темір жол, ішкі су және автомобиль тасымалы бойынша:

әрбір зардап шегушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға әкеп соқса:

қаза тапса - 1000;
мүгедектік белгіленсе I топ - 800;
II топ - 600;
III топ - 400;

еңбекке жалпы жарамдылығын уақытша жоғалтуға - амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге жұмсалған нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ 200-ден аспайды. Мұндайда әрбір стационарлық емделу күні үшін сақтандыру төлемінің мөлшері кемінде 1,5 айлық есептік көрсеткіш болуы тиіс;

әрбір зардап шегушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 250-ден аспайды.

2. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін сақтандыру төлемі жасалған күнгі

айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады.

3. Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша шартты франшиза бір сақтандыру жағдайы бойынша және әрбір зардап шегуші бойынша айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерін құрайды. Келтірілген зиянның мөлшері шартты франшизаның белгіленген мөлшерінен асқан жағдайларда сақтандыру төлемі толық мөлшерде төленеді.

4. Сақтанушы (сақтандырылушы) шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығындар, егер мұндай шығындар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілсе, тіпті ол шаралар сәтсіз болса да, сақтандырушының өтеуіне жатады.

Мұндай шығындар нақты мөлшерде өтеледі, мұндайда сақтандыру төлемінің және шығындар өтемақысының жалпы сомасы тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындар сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандырушының нұсқауын орындау нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз, толық мөлшерде өтеледі.

Көрсетілген шығыстарды сақтандырушы шығынға ұшыраған адамға тікелей өтейді.

5. Сақтандыру сомасы келтірілген зиянды толығымен өтеуге жетпеген кезде тасымалдаушы зардап шегушіге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырмашылықты өтейді.

6. Зардап шеккен адам қайтыс болған жағдайда, сақтандырушы зардап шегушіні жерлеген адамға жерлеуге қажетті шығыстарды нақты шығын мөлшерінде, бірақ тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде өтейді.

20-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы талаптары

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырушы) немесе пайда алушы болып табылатын өзге адам сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса жазбаша түрде береді.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) сақтандыру полисі (оның дубликаты);
2) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;

3) көліктегі сақтандыру жағдайы туралы тасымалдаушы жасаған акті;

4) жол жүру билеті немесе жолаушыға билет берілген жағдайда оның орнындағы құжат (тасымалдаушы растаған билеттерді сату ведомосінің көшірмесі немесе билет түбіртегінің көшірмесі) немесе белгіленген тәртіппен ресімделген куәлардың көрсетуі;

5) зардап шегушінің еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі туралы денсаулық сақтау ұйымдары анықтамасының немесе мүгедектік белгіленген жағдайда -

мамандандырылған мекеменің зардап шегушіге мүгедектік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;

б) зардап шегушінің қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі және зардап шегуші қайтыс болған жағдайда пайда алушының зиянды өтеуге құқығын растайтын құжат (көшірмесі);

7) мүлікке зиян келтірілген жағдайда зардап шегушінің жоғалған, жетіспеген немесе бүлінген (зақымдалған) мүлкінің тізбесі;

8) сақтандыру жағдайы басталған кезде шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында сақтанушыға (сақтандырылушыға) келтірілген шығыстарды растайтын құжаттар - олар болған кезде.

Сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылушыдан) не зардап шегушіден басқа қосымша құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдаған күнді көрсете отырып анықтама беруге міндетті.

4. Зиян шегуші (ол қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зардап шегушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге құқығы бар адам), сондай-ақ сақтанушы (сақтандырылушы) немесе зиян шегушіге осы Заңда белгіленген сақтандыру жауапкершілігінің көлемі шегінде келтірілген зиянды өтеуші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге тұлға пайда алушы болып табылады.

5. Зардап шегушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі оған (зиянды өтеуге құқығы бар адамдарға) басқа жеке сақтандыру шарттары бойынша есептелген сомаға тәуелсіз түрде жүзеге асырылады.

6. Зардап шегушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі оған оның денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру жөнінде қызмет көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей төленуі мүмкін.

7. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде сақтандырушының пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарын қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.

21-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Заңның 20-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде төлейді.

2. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне пайда алушы қарсылық білдірген жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-бірі қарсылық білдірмеген бөлігінде кідіртпей төлеуге міндетті.

Сақтандыру төлемінің қарсылық болған бөлігін сақтандырушы бітім келісімі жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, не егер сот шешімді шұғыл орындауды ұйғармаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап төлеуі тиіс.

3. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан жағдайдың нәтижесінде зардап шегушінің денсаулығы нашарлап кетсе (мүгедектігі немесе мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсе) не ол қайтыс болса, онда сақтандырушы зардап шегушіден (пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, осы Заңда белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемі сомасына қайта есептеу жүргізуге міндетті. Мұндайда сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

4. Сақтандыру төлемі уақтылы төленбеген кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

22-бап. Зиян келтірген адамға кері талап қою құқығын қолдану

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы сақтанушыға (сақтандырылушыға) төленген сома шегінде мынадай жағдайларда кері талап (регресс) қоюға құқылы:

1) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның қажетті қорғану және шұғыл қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері салдарынан болса;

2) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольден, есірткіден немесе токсикоманиялық мас күйінде жүргізу салдарынан басталса;

3) көлік құралын жүргізуші адам көлік құралын жүргізуге құқығы болмаса;

4) сот талқылауы барысында сақтандыру жағдайы көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны, ол туралы сақтанушының (сақтандырылушының) білгені немесе білуге тиісті анықталса;

5) көлік құралын оның техникалық қызметіне сай емес мақсаттарға пайдаланса;

6) сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаса.

2. Егер осы баптың 1-тармағында атап көрсетілген жағдайларда келтірілген зиянға кінәлі адам көлік құралын оның иесімен еңбек қатынасына орай немесе оның иесінің қатысуымен мәмілені жазбаша түрде ресімдемей пайдаланса, онда сақтандырушы осы көлік құралының иесіне кері талап (регресс) қоюға құқылы.

3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға сақтанушының (

сақтандырылушының) сақтандырудың нәтижесінде өтелген шығын үшін жауапты адамға кері талап қою (регресс) құқығы төленген сома шегінде көшеді.

23-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері

1. Сақтандыру жағдайы мына жағдайлардан болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы:

1) жолаушының, қажетті қорғану және шұғыл қажеттілік жағдайында жасаған іс-әрекеттерін қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттерінен;

2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болған қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттерінен.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар да негіз бола алады:

1) сақтанушының тиісті өтемін шығынды келтіруге кінәлі адамнан алуы;

2) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының бастауы туралы хабарламау;

3) зардап шегушінің ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, асыл тастар, әсемдік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түріндегі мүлкіне зиян келтіру.

3. Сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы сақтандырушыға уақтылы хабарламау немесе хабарламай қою, егер бұл дәлелді себептермен байланысты болса және сақтандыру оқиғасының басталғандығы, зардап шегушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілгендігі туралы деректі растайтын тиісті құжаттар ұсынылса және мүлік қарауға сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі күйінде ұсынылса, сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту үшін негіз бола алмайды.

4. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы себебі көрсеткен тиісті жазбаша шешімді сақтандыру төлемі туралы талап қойған адамға талап ұсынылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жіберуге міндетті.

5. Міндетті сақтандыру шартының тараптары және (немесе) зардап шегушілер арасында сақтандыру төлемінің мөлшеріне қатысты дау болған кезде сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуді осы Заңның 22-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асыруға міндетті.

6. Егер сақтандыру жағдайы мыналардың салдарынан болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуді жүзеге асырудан босатылады:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік уланудың әсері;

2) әскери қимылдар;

3) азаматтық соғыс, түрлі сипаттағы халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер.

7. Сақтандырушының осы бапта көзделгеннен өзге негіздер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына құқығы жоқ.

6-тарау. Қорытынды ережелер

24-бап. Дауларды қарау тәртібі

Тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

25-бап. Қазақстан Республикасының тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Сақтанушы ретінде оны жүзеге асыруға міндетті тұлғаның, сондай-ақ сақтандырушы ретінде міндетті болатын сақтандыру ұйымының сақтандырудан жалтаруы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленгендей жауапқа т а р т ы л а д ы .

2. Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарына сәйкес жауап беруге әкеп соқтырады.

3. Қазақстан Республикасының тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі заңдарын бұзуға кінәлі адамдар жолаушылар алдында Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК